

## Қазақстан Республикасының Мемлекеттік тергеу комитеті және оның органдары туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 21 желтоқсандағы N 2706 Заң күші бар жарлығы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасының 1998.12.09. N 307 Заңымен

"Қазақстан Республикасының Президенті мен жергілікті әкімдерге уақытша қосымша өкілеттік беру туралы" 1993 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының 1-бабына, Қазақстан Республикасы Конституциясы 92-бабының 4-тармағына сәйкес және Мемлекеттік тергеу комитеті мен оның органдарының мәртебесін, өкілеттігін айқындау және қызметін ұйымдастыру мақсатында осы Жарлықты шығарамын.

### I Тарау

#### Жалпы ережелер

1-бап. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік тергеу комитеті және оның органдары

1. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік тергеу комитеті және оның органдары (бұдан былай Мемлекеттік тергеу комитеті) - Республиканың орталық атқарушы органдарының жүйесіне кірмейтін, анықтама, тергеу, жедел-іздістіру қызметі мен олардан туындайтын өзге де функцияларды жүзеге асыратын, Республиканың Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін арнаулы мемлекеттік орган.

2. Мемлекеттік тергеу комитеті, оның органдары мен ұйымдары заңды тұлға болып табылады, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген және қазақ және орыс тілдерінде өзінің атауы жазылған мөрі, Қазақстан Республикасының банк мекемелеріне тиісті шоттары болады.

2-бап. Мемлекеттік тергеу комитеті қызметінің құқықтық негізі

Мемлекеттік тергеу комитеті қызметінің құқықтық негізін:

- 1) Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдары;
- 2) осы Жарлық;

3) осы Жарлыққа қайшы келмейтін және онымен реттелмеген бөлігінде Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілері;

4) Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары мен өзге де міндеттемелері;

5) Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі мен Жоғарғы Сотының нормативтік қаулылары;

6) Қазақстан Республикасының Президенті бекітетін Мемлекеттік тергеу комитеті туралы, Мемлекеттік тергеу комитетінің қатардағы және басшы құрамы адамдарының қызмет өткеруі туралы Ережелер құрайды.

3-бап. Мемлекеттік тергеу комитетінің міндеттері

1. Мемлекеттік тергеу комитетінің міндеттері:

1) азаматтардың, ұйымдар мен мемлекеттің құқықтары мен заңды мүдделерін қылмыстық қол сұғушылықтан қорғау;

2) қылмысты анықтау, тыю, ашу және тергеу;

3) жеке және заңды тұлғаларға қылмыс арқылы келтірілген материалдық залалдың өтелуін қамтамасыз ету;

4) қылмыс жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайды анықтау, оларды жою жөнінде шаралар қолдану;

5) қылмысқа қарсы күрес саласындағы мемлекеттік саясатты әзірлеуге және іске асыруға қатысу;

6) қылмысқа қарсы күрес саласындағы халықаралық ынтымақтастық болып табылады.

2. Өзге міндеттер Мемлекеттік тергеу комитетіне заңмен ғана жүктелуі мүмкін.

4-бап. Мемлекеттік тергеу комитеті қызметінің принциптері

1. Мемлекеттік тергеу комитеті өз қызметін заңдылық, қорғалу құқығын қамтамасыз ету, тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, сеніміне немесе өзге де кез келген жағдаяттарға қарамастан, заң алдындағы теңдік принциптерімен жүзеге асырады.

2. Мемлекеттік тергеу комитеті жүзеге асыратын қылмыстық

істерді тергеуіне құқыққа қарсы араласуға, оның қызметкерлерінің заңды қызметіне кедергі жасауға тыйым салынады және оның өзі заңмен белгіленген жауапкершілікке тартуға әкеліп соғады.

3. Мемлекеттік тергеу комитеті заңда белгіленген шектерде жария жұмыс істейді.

4. Мемлекеттік тергеу комитетінің қызметі дара басшылық негізінде құрылады.

5. Мемлекеттік тергеу комитеті қызметкерлерінің іс жүргізу реті заңмен айқындалады.

5-бап. Халықаралық міндеттемелерді атқару

Мемлекеттік тергеу комитеті Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарынан туындайтын өзара құқықтық көмек көрсету мәселелерін өз құзыреті шегінде шешеді.

II Тарау

Мемлекеттік тергеу комитетінің жүйесі

және оның қызметін ұйымдастыру

6-бап. Мемлекеттік тергеу комитетінің жүйесі

Мемлекеттік тергеу комитетінің және оның органдарының жүйесін анықтама, тергеу және жедел-ізвестіру қызметін жүзеге асыратын Мемлекеттік тергеу комитеті, аумақтық, салалы және мамандандырылған органдар, сондай-ақ міндетті қызметті қамтамасыз ететін ерекше және режимдік объектілер, оқу орындары мен өзге де ұйымдар құрайды.

7-бап. Мемлекеттік тергеу комитеті

1. Мемлекеттік тергеу комитеті анықтау, тергеу, жедел-ізвестіру қызметін және өзге де функцияларды жүзеге асыратын, өзіне бағынысты органдардың жүйесіндегі орталық орган болып табылады.

2. Мемлекеттік тергеу комитетін Республика Президенті қызметке тағайындайтын және қызметінен босататын Төраға басқарады.

3. Мемлекеттік тергеу комитеті Төрағасының оның ұсынуымен Республиканың Президенті қызметке тағайындайтын және қызметтен босататын орынбасарлары болады.

4. Неғұрлым маңызды мәселелерді қарау үшін Мемлекеттік тергеу комитетінің Төрағасы алқа құрады, оның дербес құрамын Төрағаның ұсынуы бойынша Республиканың Президенті бекітеді.

5. Мемлекеттік тергеу комитетінің құрамына бас басқармалар, басқармалар, бөлімдер мен өзге де бөлімшелер кіреді.

8-бап. Мемлекеттік тергеу комитетінің аумақтық органдары

1. Мемлекеттік тергеу комитетінің аумақтық органдары облыстар, Республиканың астанасы, республикалық маңызы бар қалалар бойынша бас

басқармалар мен басқармалар, сондай-ақ аудандар, қалалар мен қалалардағы аудандар бойынша басқармалар, бөлімдер мен өзге де бөлімшелер болып табылады.

2. Мемлекеттік тергеу комитетінің аумақтық органдарында анықтама, тергеу, жедел-ізвестіру қызметін және өзге функцияларды жүргізуді қамтамасыз ететін тиісті құрылымдық бөлімшелер құрылады.

9-бап. Мемлекеттік тергеу комитетінің салалық және мамандандырылған органдары

1. Қорғаныс өнеркәсібі объектілеріндегі, өзге де режимдік объектілер мен арнайы органдардағы, темір жол, су және әуе көлігі ұйымдарындағы анықтама, тергеу және жедел-ізвестіру қызметін Мемлекеттік тергеу комитетінің салалық органдары жүзеге асырады.

2. Қылмыстың жекелеген түрлерін анықтау, тыю, ашу және тергеу

үшін Мемлекеттік тергеу комитетінің жүйесінде мамандандырылған бөлімшелер құрылады.

10-бап. Мемлекеттік тергеу комитетінің өзге де органдары мен ұйымдары

Міндетті қызметін қамтамасыз ету, кадр, материалдық техникалық, әлеуметтік-мәдени және тұрмыстық сипаттағы міндеттерді шешу үшін Мемлекеттік тергеу комитетінің қарауында тиісті ерекше және режимдік объектілер, оқу орындары мен өзге де ұйымдар болады.

III Тарау

Мемлекеттік тергеу комитеті және оның лауазымды адамдарының құқықтық мәртебесі

11-бап. Мемлекеттік тергеу комитетінің міндеттері

Мемлекеттік тергеу комитеті:

1) адамның және азаматтың құқықтарын, бостандығын қылмыстық қол сұғушылықтан қорғауға;

2) заңды және жеке тұлғалардың заңды мүліктік мүдделерін қорғауға;

3) заңды белгіленген шекте анықтама, тергеу және жедел-ізвестіру қызметін жүргізуге;

4) әзірленіп жатқан немесе жасалған кез келген қылмыс туралы арыздар мен хабарларды қабылдауға, тіркеуге және қарауға, оларды жасаған адамдардың уақтылы жолын қиып, қылмысын ашуға және ұстауға, қоғамдық қауіпті зардаптарды болдырмауға;

5) заңмен олардың тергеуіне жатқызылған қылмысты анықтауға, тыюға ашуға және тергеуге;

6) жасаған қылмысы үшін қылмыстық жауапкершіліктен жалтарған адамдарды, сондай-ақ хабар-ошарсыз жоғалып кеткендерді іздестіруге;

7) алдын ала тергеудің заңда көзделген құпиясын қамтамасыз етуге, процеске қатысушылар мен өзге де адамдардың өмірін, денсаулығын, мүлкін қорғау шараларын қолдануға;

8) құқыққа қарсы қол сұғушылықтан, табиғи апаттардан, авариялар мен жазатайым оқиғалардан зардап шеккен азаматтарға көмек көрсетуге;

9) кідіртуге болмайтын жағдайларда ішкі істер органы қызметкерлерінің құқық бұзушылықты тыю жөніндегі өкілеттігін орындауға;

10) төтенше немесе соғыс жағдайы режимін қамтамасыз етуге өз құзыреті шегінде қатысуға;

11) қылмыстың жай-күйі, қылмысты ашу мен тергеу жөніндегі қызметтің нәтижелері туралы халыққа хабарлап тұруға, азаматтарға құқықтық тәрбие қатысуға міндетті.

## 12-бап. Мемлекеттік тергеу комитетінің құқықтары

Мемлекеттік тергеу комитетінің осыған уәкілдік берген лауазымды адамдары арқылы:

1) қылмыс жасады немесе қылмыс жасауға әзірленді деген сезік келтірген адамдарды ұстауға, оларды жеке, сондай-ақ заттарын, құжаттары мен көлік құралдарын тексеруді жүзеге асыруға;

2) Мемлекеттік тергеу комитетінің тергеуіне заңмен жатқызылған қылмысты анықтау, тыю, ашу және тергеу кезінде заңда көзделген шекте мемлекеттік органдарға, ұйымдар мен лауазымды адамдарға орындалуы міндетті тапсырмалар беруге;

3) қылмысты анықтау, тыю, ашу және алынған деректерді қылмыс жасауға кінәлі адамдарды әшкерелеуге пайдалану мақсатындағы жалпы және арнайы жедел - іздестіру шараларын заңда белгіленген тәртіппен жүзеге асыруға;

4) суретке түсіруге, дыбыс-, кино - бейнежазбалар, дактилоскопия жасауға, жеке адамды анықтау мен салғастыру үшін қажетті өзге де деректер алуға, сондай-ақ қылмыс жасады деп сезік келтіріліп ұсталғандарды, қамауға алынғандарды, қылмыс жасады деп кінә тағылғандарды, қасақана қылмыс жасағаны үшін сотталғандарды және еркінен айыру орындарынан босатылғандарды тіркеуге;

5) қылмыстың есебін жүргізуге және тіркеуге;

6) анықтау, тергеу және жедел - іздестіру қызметін қамтамасыз ететін криминалдық және өзге есептер, ақпараттық іздестіру жүйесін жасауға әрі пайдалануға құқылы. Басқа құқық қорғау органдары мен соттарға қолда бар ақпаратты белгіленген тәртіппен беруге;

7) қылмыстық істер бойынша сараптама жасауға және жедел-іздестіру материалдары бойынша қажетті зерттеулер жүргізуге;

8) қозғалған қылмыстық істер бойынша мемлекеттік органдар мен ұйымдардан ақпарат пен материалдарды кедергісіз және өтеусіз алуға;

9) жүргізіліп жатқан материалдар мен қылмыстық істер бойынша азаматтарды Мемлекеттік тергеу комитеті мен оның органдарына шақыруға, олардан түсініктемелер, құжаттар, бұлардың көшірмелерін алуға, жауап алуды жүргізуге, сондай-ақ дәлелді себептерсіз шақыруға келуден жалтарған адамдарды белгіленген тәртіппен мәжбүрлеп әкелуге;

10) заңда белгіленген тәртіппен банктерден жеке және заңды тұлғалардың шоттарындағы ақшалай қаражатының қалдықтары мен қозғалысы туралы анықтама, сондай-ақ жеке тұлғалардың банктердегі сақтаулы мүлкінің сипаты мен құны туралы мәліметтер алуға;

11) егер сол жерде қылмыс жасалды немесе жасалды деген жеткілікті мәліметтер болған кезде қылмыстың жолын кесу, оны жасады деп сезік келтірілген адамдарды іздестіру мақсатында ұйымдардың (дипломатиялық иммунитетке ие шет мемлекеттер мен халықаралық ұйымдар өкілдерінің үй-жайларынан басқасы), әскери құрамалардың аумағы мен үй-жайларына, азаматтарға тиесілі тұрғын үйлер мен өзге де үй-жайларға, оларға тиесілі жер учаскелеріне кедергісіз кіруге құқылы. Азаматтардың тұрғын үйлеріне басып кіру фактілері туралы прокурор жиырма төрт сағаттың ішінде хабардар етіледі;

12) тергеу іс-қимылдары мен жедел - іздестіру шараларын жүргізген кезде жекелеген учаскелер мен аумақтарда адамдардың болуын шектеуге немесе бұған уақытша тыйым салуға;

13) қылмыс жасады деп сезік келтіріліп ұсталған адамдарды, сондай-ақ қылмыстың жолын кесу шаралары ретінде тұтқындалған және қамауға алынған адамдарды оқшау жағдайда уақытша ұстайтын изоляторлар мен тергеу изоляторларын иеленуге;

14) ұйымдардың қызмет үй-жайларын, сондай-ақ азаматтардың тұрғын үй және өзге үй-жайларын шарттық негізде пайдалануға;

15) қауырт жағдайларда байланыс құралдарын олардың тұрған жеріне және тиесілілігіне қарамастан, халықаралық әрі қалааралық сөйлесулер бойынша шығын өтелетіндей етіп, қызмет мақсатында пайдалануға;

16) өзге мүмкіндіктер болмаған жағдайда шұғыл медициналық көмекке мұқтаж азаматтарды емдеу мекемелеріне жеткізу үшін, сондай-ақ кідіруге

болмайтын өзге де жағдаяттарда меншік нысандарына қарамастан, (дипломатиялық иммунитетке ие шет мемлекеттер мен халықаралық ұйымдардың өкілдіктерінен басқа), нұқсан келе қалған ретте шығыны өтелетіндей етіп көлік құралдарын пайдалануға;

17) жасалған қылмыстың мән-жайын анықтау тұрғысында жұртшылықты хабардар етіп, жұмылдыру, қылмыскерлер мен хабарсыз жоғалып кеткен адамдарды іздестіру, сондай-ақ өзге де хабарлар жасау үшін мемлекеттік бұқаралық ақпарат құралдарын өтеусіз пайдалануға;

18) қызмет және іссапар куәліктерін көрсету арқылы көліктің

барлық түрлеріне арналған жүріп-тұру құжаттарын кезектен тыс алуға және қонақүйлерден орын алуға;

19) қылмысты анықтауға, тыюға, ашуға және тергеуге жәрдемдескен азаматтарды көтермелеуге құқылы;

20) Мемлекеттік тергеу комитетінің жұмысшылар мен қызметшілерінен басқа қызметкерлерінің таксиден басқа қоғамдық көлікте тегін жүруге құқығы бар.

13-бап. Мемлекеттік тергеу комитеті Төрағасының өкілеттігі

1. Мемлекеттік тергеу комитетінің Төрағасы:

1) Мемлекеттік тергеу комитетінің қызметіне басшылық етеді және жұмыстың ұйымдастырылуы мен жүктелген міндеттердің орындалуына дербес жауап береді;

2) Мемлекеттік тергеу комитеті Төрағасы орынбасарларының, органдары мен құрылымдық бөлімшелері басшыларының міндеттерін айқындайды, олардың қызметінің тәртібі туралы ережені бекітеді;

3) Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарында, сондай-ақ халықаралық ұйымдарда және шет мемлекеттердің құқық қорғау органдарымен қатынастарда Мемлекеттік тергеу комитетінің атынан өкілдік етеді;

4) өзінің құзыреті шегінде бұйрықтар, өкімдер, нұсқаулар шығарады, нұсқаулықтарды, басшылыққа алынатын ережелер мен жарғыларды бекітеді;

5) Мемлекеттік тергеу комитетінің құрылымдық бөлімшелері мен органдарын құрады, таратады және қайта құрады, олардың құрылымы мен штат санын айқындайды;

6) азаматтарды заңда белгіленген тәртіппен Мемлекеттік тергеу комитетіне қызметке алады, арнаулы атақтар береді;

7) аумақтық, салалық және мамандандырылған органдардың, ерекше және режимдік объектілердің, оқу орындары мен өзге де ұйымдардың бастықтарын, олардың орынбасарларын, жетекші қызметтер мен құрылымдық бөлімшелердің

басшыларын, сондай-ақ орталық органның қызметкерлерін қызметке тағайындайды және қызметтен босатады;

8) Мемлекеттік тергеу комитетінің басқа да қызметкерлерін тағайындау тәртібін айқындайды;

9) Мемлекеттік тергеу комитетінің қызметкерлерін көтермелейді және тәртіп ретімен жазалайды;

10) қылмыстың жай-күйі және қылмысты ашу мен тергеу жөніндегі қызметтің нәтижелері туралы Республика Президенті жүйелі түрде хабардар етіп отырады, Республика Президенті мен Үкіметіне Мемлекеттік тергеу комитетінің құқық қорғау қызметі, ұйымдық, кадр және материалдық-техникалық қамтамасыз ету мәселелері бойынша ұсыныстар енгізеді;

11) Мемлекеттік тергеу комитетінің қызметкерлеріне жоғары арнаулы атақтар мен құрметті атақтар беру және қызметкерлерді мемлекеттік наградалармен наградтау туралы Республика Президентіне ұсынымдар енгізеді;

12) басқа құқық қорғау органдарымен өзара іс-қимылды ұйымдастырады, құқық қорғау органдарының қылмысқа қарсы күрестегі қызметін ұйымдастыру мәселелері бойынша олармен бірлесіп бұйрықтар мен нұсқаулар шығарады;

13) бөлінген қаржы шегінде Мемлекеттік тергеу комитетін ұстауға қаражат қаржысын бөледі;

14) Мемлекеттік тергеу комитетінің жедел-ізвестіру шараларын жүзеге асыруға өкілетті органдары мен құрылымдық бөлімшелерінің және қызметкерлерінің тізбесін белгілейді;

15) Мемлекеттік тергеу комитетінде қару-жарақ, оқ-дәрі және арнайы құралдар иеленудің, сақтаудың және алып жүрудің тәртібін белгілейді;

16) Мемлекеттік тергеу комитетінің органдарында алқалар құрады;

17) өзіне нормативтік-құқықтық актілерімен берілген басқа да өкілеттіктерді жүзеге асырады.

2. Мемлекеттік тергеу комитетінің Төрағасы болмаған жағдайда оның міндетін Төрағаның тапсыруымен орынбасарларының бірі атқарады.

14-бап. Мемлекеттік тергеу комитетінің органдары мен бөлімшелері басшыларының өкілеттігі

1. Мемлекеттік тергеу комитетінің құрылымдық бөлімшелері басшыларының, аумақтық, салалық және мамандандырылған органдарының, ерекше және режимдік объектілерінің, оқу орындары мен өзге де ұйымдары бастықтарының бағынысындағы органдарға басшылықты жүзеге асыру жөніндегі өкілеттігі Мемлекеттік тергеу комитетінің Төрағасы бекітетін сол органдар туралы ережелермен айқындалады.



2. Мемлекеттік тергеу комитетінің анықтама, тергеу және жедел іздестіру қызметі заңмен реттеледі.

3. Мемлекеттік тергеу комитетінің органдары мен тергеу бөлімшелері басшыларының іс жүргізу жөніндегі өкілеттігі заңмен реттеледі.

#### 15-бап. Мемлекеттік тергеу комитеті қызметкерлерінің құқықтық жағдайы

1. Мемлекеттік тергеу комитетінің қызметкерлері өкімет өкілі болып табылады және мемлекеттің қорғауында болады.

2. Мемлекеттік тергеу комитетінің арнаулы атағы бар қызметкерлеріне қару мен арнайы құралдарды алып жүру, сақтау, қолдану құқығы беріледі.

3. Мемлекеттік тергеу комитеті қызметкерлерінің заңды талаптары барлық жеке және заңды тұлғаларға міндетті.

4. Мемлекеттік тергеу комитетінің қызметкерлері азаматтардың құқықтарын шектеуге бағытталған іс-қимылын "Заң атымен" деген сөздерді айта отырып жүргізеді. Бұл орайда әрбір адам белсенді іс-әрекетін тоқтатуға, Мемлекеттік тергеу комитеті қызметкерлерінің талаптарына сөзсіз бағынуға және оның қызмет міндеттерін атқаруға байланысты нұсқауларын орындауға міндетті.

5. Мемлекеттік тергеу комитеті қызметкерлерінің заңды талаптарын орындамау, қорлау, қарсылық көрсету, күш көрсетем деп қорқыту немесе олардың өміріне, денсаулығына, намысы мен қадір-қасиетіне, мүлкіне қол сұғу, жүктелген міндеттерін орындауға кедергі келтіретін басқа да іс-әрекеттер, сондай-ақ Мемлекеттік тергеу комитеті қызметкерлерінің қызметтік міндеттері мен қызметтік парызын атқаруына байланысты олардың отбасы мүшелерінің, жақын туыстарының өміріне, денсаулығына, намысына, қадір-қасиетіне және мүлкіне қол сұғу заңмен белгіленген жауапкершілікке әкеп соғады.

6. Мемлекеттік тергеу комитеті қызметкерінің лауазымы оқытушылық, ғылыми немесе басқа да шығармашылық қызметті қоспағанда, депутаттық мандатпен, ақы төленетін өзге де қызметпен шұғылданумен, кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырумен, коммерциялық ұйымдардың басшы органның немесе байқаушы кеңесінің құрамына кірумен сыйыспайды.

7. Мемлекеттік тергеу комитетінің қызметкерлеріне ереуіл ұйымдастыруға және оларды өткізуге қатысуға тыйым салынады.

8. Мемлекеттік тергеу комитетінің қызметкерлері партиялардың, кәсіптік одақтардың қатарында болмауға, қандай да бір саяси партияны жақтамауға тиіс.

9. Заңға көрінеу қайшы келетін бұйрық немесе нұсқау алған жағдайда Мемлекеттік тергеу комитетінің қызметкері заңды басшылыққа алуға міндетті және соның қорғауында болады.

10. Құқыққа қарсы екені айқын бұйрықты немесе нұсқауды орындау Мемлекеттік тергеу комитетінің қызметкерін жауапкершіліктен босатпайды.

11. Мемлекеттік тергеу комитеті қызметкерлерінің өздеріне қатысты қабылдаған шешімдер мен әрекеттерге жоғары тұрған лауазымды адамдарға немесе сотқа шағымдануына хақысы бар.

16-бап. Күш қолдану, арнайы құралдар мен қару қолданудың құқықтық режимі мен шектері

1. Мемлекеттік тергеу комитетінің қызметкерлері нақты ахуалды ескере отырып, құқық бұзушылықты, тыю сондай-ақ оларды жасаған адамдарды ұстау үшін күш пен арнайы құралдарды қолданады.

2. Мемлекеттік тергеу комитетінің қызметкерлері қаруды нақты ахуалды ескере отырып, құқық бұзушылықты тыю, оларды жасаған адамдарды ұстау, сондай-ақ қамаудан (әкімшілік жолмен тұтқындалғандардан басқасы) қашқан адамдарды ұстау үшін қолданылады.

3. Мемлекеттік тергеу комитетінің қызметкерлері, егер олардың іс-әрекеті заңға сәйкес жүргізілсе, күш, арнайы құралдар мен қаруды қолданудан келтірілген залал үшін жауап бермейді.

4. Мемлекеттік тергеу комитетінің қызметкері:

1) азаматтарды қылмыстық қол сұғудан қорғау, сонымен бірге кепілге алынғандарды босату;

2) өзін-өзі қорғау, құқық қорғау органдарының қызметкерлеріне, олардың отбасы мүшелеріне, құқықтық тәртіпті қорғау мен құқық бұзушылықты тыю жөніндегі қызметтік немесе қоғамдық борышын атқару үстіндегі басқа да адамдарға жасалған шабуылды тойтару;

3) ұйымдар мен азаматтардың үй-жайларына, көлік-құралдарына жасалған шабуылды тыю;

4) қарсылық көрсеткен немесе қылмыс жасау үстінде көзге түскен адамдарды ұстау, сондай-ақ қамаудан қашқан адамдарды (әкімшілік жолмен тұтқындалғандардан басқасы) ұстау үшін;

5) егер жүргізушісі тоқтау жөнінде қойылған заңды талапқа бағынбаса және азаматтардың өмірі мен денсаулығына қатер төндірсе, сондай-ақ оның тоқтамауы қылмыспен байланысты болса, көлік құралдарын ақау түсіріп тоқтату;

6) жануарлардың шабуылынан қорғану;

7) сондай-ақ қажетті қорғаныс пен аса керек болған өзге жағдайларда;

8) дабыл белгісін беру немесе көмекке шақыру үшін күш, арнайы құралдар мен қару қолдануға құқылы.

5. Мынадай жағдайларда:

1) олар қарулы шабуыл жасаған, қарулы қарсылық көрсеткен, кепілдер алған, көлік құралдарын, соның ішінде әуе кемесін басып алған не адам өмірі мен денсаулығына қатер төндіретін топтасып шабуыл жасаған жағдайлардан басқа кезде, сондай-ақ қару қолдану басқа азаматтардың өмірі мен денсаулығына қатер төндіруі мүмкін жағдайларда әйелдер мен кәмелетке толмағандарға қатысты қару қолдануға;

2) олар айналадағы адамдардың өмірі мен денсаулығына қатер төндіретін қарулы шабуыл жасаған, топтасып шабуыл жасаған не қарулы қарсылық көрсеткен жағдайлардан басқа кезде әйелдерге, мүгедектік белгілері айқын байқалған адамдар мен жас балаларға қатысты арнайы құралдар мен тәсілдерді қолдануға тыйым салынады.

6. Атыс қаруы мен арнайы құралдар қолданылған барлық жағдайларда Мемлекеттік тергеу комитетінің қызметкерлері айналадағы азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, зардап шеккендерге шұғыл медициналық көмек көрсету үшін қолдан келген және қажетті барлық шараларды қолдануға, қару қолданылғаны туралы тікелей бастығына баяндауға тиіс.

7. Адам өліміне немесе өзге ауыр зардаптарға апарып соқтырған қару мен арнайы құралдардың қолданудың әрбір жағдайы туралы дереу прокурор хабардар етіледі.

#### 17-бап. Мемлекеттік тергеу комитеті қызметкерлерінің жауапкершілігі

##### 1. Заңды бұзуға жол бергені және қызметтік міндетін тиісінше

орындамағаны үшін Мемлекеттік тергеу комитетінің қызметкерлері заңда белгіленген тәртіппен жауап береді.

2. Қызметкерлердің азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін бұзуы Мемлекеттік тергеу комитетін бұзылған құқық пен заңды мүдделері қалпына келтіруге, жеке және заңды тұлғаларға келтірілген залалды өтеуге және кінәлілерді жауапқа тартуды қамтамасыз етуге міндеттейді.

3. Мемлекеттік тергеу комитеті қызметкерлерінің заңсыз іс-әрекетіне бағыныстылық ретімен жоғары тұрған органға, прокурорға немесе сотқа шағым жасауға болады.

#### IV Тарау

Мемлекеттік тергеу комитетінде қызмет өткеру

18-бап. Мемлекеттік тергеу комитетінің кадрлары

1. Мемлекеттік тергеу комитетінің кадрларын белгіленген тәртіппен арнаулы атақ берілген қызметкерлер, құқықтық жағдайды заңмен белгіленетін әскери қызметшілер, сондай-ақ жұмысшылар мен қызметшілер құрайды.

2. Мемлекеттік тергеу комитетінің қызметкерлеріне өздерінің жеке басы мен өкілеттігін растайтын белгіленген үлгідегі куәлік пен жетон беріледі. Олар үлгілері мен тиістілік нормаларын Қазақстан Республикасының Президенті белгілейтін нысандағы арнаулы киім-кешекпен тегін қамтамасыз етіледі.

3. Мемлекеттік тергеу комитетінің, оның аумақтық, салалық және мамандандырылған органдарының, ерекше және режимдік объектілерінің, оқу орындары мен өзге ұйымдары қызметкерлерінің жалпы санын бөлінген бюджет қаржысы шегінде Республика Президенті белгілейді.

#### 19-бап. Мемлекеттік тергеу комитетіне қызметке қабылдау

1. Мемлекеттік тергеу комитетіне қызметке өзінің моральдық және кәсіптік қасиеттері, білімі мен денсаулық жағдайына қарай өздеріне жүктелген міндеттерді орындауға қабілетті жасы 18-ден кем емес Қазақстан Республикасының азаматтары ерікті негізде қабылданады.

2. Мемлекеттік тергеу комитетіне қызметкер кіру мемлекеттік қызметші кадрлар туралы республикалық деректер орталығына алдын ала сұрау салу және азаматтарды міндетті арнаулы тексеруден өткізу арқылы жүзеге асырылады.

3. Мемлекеттік тергеу комитетіне қызметке қабылдау контракт негізінде де жүзеге асырылуы мүмкін. Контракт шарттарын Мемлекеттік тергеу комитетінің Төрағасы белгілейді.

4. Мемлекеттік тергеу комитетінің оқу орындарына оқуға орта білімі бар он сегізге толмаған адамдар қабылдана алады. Мемлекеттік тергеу комитеті оқу орындарының күндізгі бөлімшелерінде оқыған уақыт мерзімді әскери қызмет атқаруға теңестіріледі. Бұл ретте Мемлекеттік тергеу комитетінің оқу орындарына, оқуына Мемлекеттік тергеу комитетінің қаржысы есебінен ақы төленетін басқа оқу орындарына оқуға түскен адамдармен оқу орнын бітіргеннен кейін Мемлекеттік тергеу комитетінде одан әрі қызмет өткеру шарттары мен мерзімі көзделген контракт жасалады.

5. Мемлекеттік тергеу комитетінің қатардағы және кіші басшы құрамның лауазымдарына 32 жастан аспаған адамдар, орта және аға басшы құрамының лауазымдарына 40 жастан аспаған адамдар қабылданады. Ерекше жағдайларда аталған жас шегі Мемлекеттік тергеу комитеті Төрағасының шешімімен өзгертіледі.

6. Мемлекеттік тергеу комитетінің қызметкерлеріне арнаулы атақтар беру, еңбек стажын үздіксіз қызмет өткерген жылдарына есептеу шарты мен тәртібі заңмен белгіленеді.

7. Мемлекеттік тергеу комитетіне тұңғыш қызметке кіретін адамдар міндетті түрде бастапқы оқудан не тағлымдамадан өтеді, оларға сондай-ақ сынақ мерзімі белгіленуі мүмкін.

8. Мемлекеттік тергеу комитетіне қызметке қабылдаудың, оқу мен тағлымдамадан өткізудің, қызмет өткерудің тәртібі осы Жарлықпен, Мемлекеттік тергеу комитетінің қатардағы және басшы құрамының қызмет өткеру тәртібі туралы Ережемен және басқа нормативтік құқықтық актілермен белгіленеді.

9. Мемлекеттік тергеу комитетіне тұңғыш рет қызметке кірген адамдар мәтінін Республика Президенті бекіткен Ант қабылдайды.

10. Бұрын сотталған және ақталмайтын негіздер бойынша қылмыстық жауапкершіліктен босатылған, сондай-ақ мемлекеттік қызметтен, өзге құқық қорғау органдарынан, соттар мен әділет органдарынан жарамсыз себептер бойынша шығарылған адамдар Мемлекеттік тергеу комитетіне қызметке қабылданбайды.

11. Мемлекеттік тергеу комитетінде қызмет атқаратын әскери міндетті адамдар, мемлекеттік тергеу комитеті оқу орындарының курсанттары мен тыңдаушыларын қоса, әскери қызметшілерден басқалары, белгіленген тәртіппен әскери есептен шығарылады және Мемлекеттік тергеу комитетінде арнайы есепте тұрады.

12. Еңбек заңдары Мемлекеттік тергеу комитетінің қызметкерлеріне олар осы Жарлық пен Мемлекеттік тергеу комитетінің қатардағы және басшы құрамдағы адамдарының қызмет өткеру тәртібі туралы Ережеге қайшы келмейтін шекте қолданылады.

13. Мемлекеттік тергеу комитетінің жұмысшылары мен қызметшілерін жұмысқа алу, босату еңбек заңдарымен реттеледі.

20-бап. Мемлекеттік тергеу комитеті органдары мен құрылымдық бөлімшелерінің бастықтарына қойылатын талаптар

Анықтаманы, тергеуді және жедел іздестіру қызметін жүзеге асыратын аумақтық, салалық және мамандандырылған органдардың бастықтарының, орталық органның құрылымдық бөлімшелері басшыларының қызметіне қажетті моральдық, кәсіптік және ұйымдастыру қасиеттері бар және, әдетте, жоғары заң білімі бар Қазақстан Республикасының азаматтары тағайындалады.

## 21-бап. Мемлекеттік тергеу комитетінде

### қызметте болудың шекті жасы

1. Мемлекеттік тергеу комитетінің қызметкерлері Мемлекеттік тергеу комитетінің қатардағы және басшы құрамдағы адамдарының қызмет өткеруі туралы Ережемен белгіленген жас шегіне дейін қызметте бола алады. Қызметкерлердің кейбір санаттарының қызмет мерзімі белгіленген тәртіппен ұзартылуы мүмкін.

2. Қызмет мерзімін ұзарту қызметкерді осы Жарлықпен және Мемлекеттік тергеу комитетінің қатардағы және басшы құрамдағы адамдарының қызмет өткеруі туралы Ережеде көзделген негіздер бойынша босату мүмкіндігін жоққа шығармайды.

## 22-бап. Мемлекеттік тергеу комитеті қызметкерлерінің

### демалыстары

1. Мемлекеттік тергеу комитетінің қызметкерлеріне ұзақтығы 30 тәулік ақылы демалыс, сондай-ақ заңмен көзделген өзге де демалыстар беріледі.

2. Қызмет атқарған жылдарына (күнтізбелік есептегенде) қарай қосымша ақылы демалыс төмендегідей қызмет атқарған жылдары бар қызметкерлерге беріледі:

- 1) он жылдан астам - ұзақтығы 5 тәулік;
- 2) он бес жылдан астам - ұзақтығы 10 тәулік;
- 3) жиырма жылдан астам - ұзақтығы 15 тәулік.

3. Биік таулы жерлерде, климат жағдайы ауыр және қолайсыз мекендерде қызмет өткеретін Мемлекеттік тергеу комитетінің қызметкерлеріне қызмет атқарған жылдарына қарамастан ұзақтығы 45 тәулік кезекті демалыс беріледі.

4. Мемлекеттік тергеу комитетінің жұмысшылары мен

қызметшілерінің демалыстары еңбек заңдарына сәйкес белгіленеді.

## 23-бап. Мемлекеттік тергеу комитетіндегі

### қызметтен босату

Мемлекеттік тергеу комитетінде қызмет атқаратын қызметкерлер мынадай негіздер бойынша:

- 1) зейнетақы алуға құқық беретін еңбек сіңірген жылдары (қызмет мерзімі) және әскери қызметте болудың шекті жасына жетуі бойынша;
- 2) қызметте болудың шекті жасына толуы бойынша;
- 3) денсаулығы бойынша - әскери-дәрігерлік комиссияның қорытындысы негізінде;

- 4) штаттардың қысқаруына немесе органдар мен бөлімшелердің қайта ұйымдастырылуына байланысты басқа қызметте пайдалану мүмкін болмаған жағдайда;
- 5) контрактының бұзылуына байланысты;
- 6) өзінің тілегі бойынша;
- 7) басқа мемлекеттік органдар мен ұйымдарға жұмысқа ауысуына байланысты;
- 8) сынақ мерзімі ішінде қызметке жарамсыздығы анықталған жағдайда;
- 9) аттестациялық тәртіппен қызметке сәйкес келмеуі бойынша;
- 10) беделін түсіретін қылық жасағаны үшін;
- 11) қызмет тәртібін ұдайы бұзғаны үшін;
- 12) соттың айыптау үкімі заңды күшіне енуіне байланысты;
- 13) Қазақстан Республикасының азаматтығынан айырылуына байланысты босатылады.

ЕСКЕРТУ. 23-бап өзгертілді - Қазақстан Республикасының 1997.06.19. N 134-І Заңымен.

Z970134\_

24-бап. Мемлекеттік тергеу комитетінің қызметкерлеріне еңбекақы төлеу, оларды зейнетақымен және өзге төлемдермен қамтамасыз ету

1. Мемлекеттік тергеу комитеті қызметкерлерінің ақшалай үлесі лауазымдық жалақыдан, арнаулы атағы үшін берілетін қосымша ақыдан және қызмет атқарған жылдары үшін төленетін үстеме ақыдан тұрады. Бұған қоса оларға сыйлықтар мен материалдық көмек төленеді.

2. Мемлекеттік тергеу комитетінің кадрларына еңбекақы төлеу жүйесін Премьер-Министрінің ұсынуы бойынша Республика Президенті белгілейді.

3. Мемлекеттік тергеу комитетінің қызметкерлеріне лауазымдық жалақысына арнаулы атағы үшін берілетін қосымша ақы қосылған жиынтық мөлшеріне қарай және жұмыс стажына байланысты процент есебінде мынадай мөлшерде қызмет атқарған жылдары үшін ай сайын үстеме ақы төленеді: қызмет атқарған жылдары үш жылдан асса - он бес, бес жылдан асса - жиырма, он жылдан асса - отыз, он бес жылдан асса - қырық, жиырма жылдан асса - елу процент.

4. Мемлекеттік тергеу комитетінің қызметкерлері Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген нормалар бойынша нақты түріндегі азық-түлік пайымен не пайдың ақшалай өтемімен қамтамасыз етіледі.

5. Мемлекеттік тергеу комитетінің қызметкерлерін зейнетақымен қамсыздандыру және мүгедектігі бойынша мемлекеттік әлеуметтік

жәрдемақыларды төлеу Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жүзеге асырылады.

6.

6. Мемлекеттік тергеу комитетінің қызметкерлері мен зейнеткерлеріне Республика Үкіметі белгілейтін шекте Қорғаныс министрлігінің әскери қызметшілері мен зейнеткерлері үшін заңмен белгіленген жеңілдіктер артықшылықтар қолданылады.

ЕСКЕРТУ. 24-бап өзгертілді - Қазақстан Республикасының 1997.06.19.

N 134-І Заңымен.

Z970134\_

V Тарау

Мемлекеттік тергеу комитетінің қызметкерлері

мен зейнеткерлерін әлеуметтік қорғау

25-бап. Сақтандыру және қаза тапқан немесе мертіккен жағдайда залалды өтеу

1. Мемлекеттік тергеу комитетінің қызметкерлері республикалық бюджет қаражаты есебінен міндетті жеке және медициналық сақтандыруға жатады.

2. Сақтандыру сомаларын төлеу тәртібі Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерімен белгіленеді.

3. Мемлекеттік тергеу комитетінің қызметкері қызметтік міндеттерін атқару кезінде қаза тапқан (қайтыс болған), не қызметтік міндеттерін орындау кезінде алынған жарақаттың салдарынан қызметтен босатылған жағдайда бір жыл бойы қарауындағыларға және мұрагерлеріне соңғы атқарған лауазымы бойынша он жылдық ақшалай табысы мөлшерінде біржолғы сақтандыру сомасы төленеді.

4. Мемлекеттік тергеу комитетінің қызметкерлеріне қызметтік міндеттерін атқару кезіндегі жарақаттануы, жаралануы (контузия алуы), мертігуі, сырқаттануы салдарынан мүгедектік белгіленген жағдайда, оларға:

1) I топтағы мүгедекке - бес жылдық ақшалай табысы;

2) II топтағы мүгедекке - үш жылдық ақшалай табысы;

3) III топтағы мүгедекке - бір жылдық ақшалай табысы мөлшерінде біржолғы сақтандыру сомасы төленеді.

5. Мемлекеттік тергеу комитетінің қызметкерлері қызметтік міндеттерін орындау кезінде мүгедектікке ұшырамай ауыр мертіккен (жарақаттанған, жараланған, контузия алған) жағдайда үш айлық, жеңіл мертіккен жағдайда бір айлық ақшалай табысы мөлшерінде сақтандыру сомасы төленеді. Бұл ретте сақтандырудың аталған түрі жөніндегі сақтандыру сомасы сақтандырудың басқа түрлері бойынша төленетін төлем мен нұқсанды өтеу ретіндегі төлемге қарамастан төленеді.



6. Мемлекеттік тергеу комитеті қызметкерінің қаза табуы (қайтыс болуы), жарақаттануы, жаралануы (мертігуі), сырқаттануы қызметтік міндеттерін атқаруына қатысты жағдайларға байланысты болмағанда белгіленген тәртіппен дәлелденсе, сақтандыру сомасы төленбейді.

7. Мемлекеттік тергеу комитетінің қаза тапқан (қайтыс болған) қызметкерінің балаларына олар кәмелеттік жасқа толғанға дейін, сондай-ақ оның асырауында болған еңбекке жарамсыз отбасы мүшелеріне тұрғын үйді ұстауға, коммуналдық қызметтер (орталықтандырылған жылу, суық және ыстық сумен жабдықтау, канализация, электр қуатымен жабдықтау, газ, қоқыстан адалау, лифтілерді қамту) үшін шығындарды төлеу жөнінде, ал орталықтандырылған жылу жоқ үйлерде тұратындарға - Қазақстан Республикасының Үкіметі азаматтарға арнап белгілеген тәртіппен және нормалар шегінде отын үшін де жеңілдіктер құқығы сақталады. Мәслихаттардың шешімі бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген нормалар шегінде және тәртіппен тұрғын үйді ұстауға және коммуналдық қызметтерге алдын ала ақшалай төлем түріндегі жеңілдіктер беруге жол беріледі. Қаза тапқан адамның отбасына немесе оның асырауындағыларға айлық ақшалай үлесі мөлшерінде асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы тағайындалады;

ЕСКЕРТУ. 25-баптың 7-тармағы жаңа редакцияда - Қазақстан

Республикасының 1997.04.02. N 88-І Заңымен. Z970088\_

ЕСКЕРТУ. 25-бап өзгертілді - Қазақстан Республикасының 1997.06.19.

N 134-І Заңымен. Z970134\_

26-бап. Жерлеу шығындарын өтеу

Мемлекеттік тергеу комитетінің қайтыс болған немесе қаза тапқан қызметкерлері мен зейнеткерлерін жерлеу үшін олардың үш айлық үлесі мөлшерінде біржолғы ақшалай өтем төленеді.

27-бап. Мемлекеттік тергеу комитетінің қызметкерлері мен зейнеткерлерінің тұрғын үй құқығы

1. Мемлекеттік тергеу комитетінің қызметкерлері қызметтік тұрғын үй қорынан тұрғын үймен бірінші кезекте қамтамасыз ету құқығын пайдаланады.

2. Мемлекеттік тергеу комитетінің он күнтізбелік жылдан астам қызмет атқарған қызметкерлерінің тұрақты тұрып жатқан қызметтік тұрғын үй-жайын аталған қызметкерлер қалауына қарай қалдық құны бойынша жеке меншігіне сатып ала алады.

3. Мемлекеттік тергеу комитетінің қызметкерлері мен зейнеткерлері басқа тұрғын үй-жайын бермейінше қызметтік тұрғын үй-жайынан шығарылмайды.

4. Жас шамасы, денсаулық жағдайы, штаттың қысқаруы, қызмет еткен жылдары бойынша қызметтен зейнетке шығарылған Мемлекеттік тергеу комитетінің қызметкерлері мен зейнеткерлері және олармен бірге тұратын отбасы мүшелері үшін тұрғын үй қорының ведомстволық бағыныстылығына қарамастан, тұрғын үйді ұстауға, коммуналдық қызметтер (орталықтандырылған жылу, суық және ыстық сумен жабдықтау, канализация, электр қуатымен жабдықтау, газ, қоқыстан адалау, лифтілерді қамту) үшін шығындарды төлеу жөнінде, ал орталықтандырылған жылу жоқ үйлерде Қазақстан Республикасының Үкіметі азаматтарға арнап белгілеген тәртіппен және нормалар шегінде, отын үшін де 50 проценттік шегерім белгіленеді. Мәслихаттардың шешімі бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген нормалар шегінде және тәртіппен тұрғын үйді ұстауға және коммуналдық қызметтерге алдын ала ақшалай төлем түріндегі жеңілдіктер беруге жол беріледі.

ЕСКЕРТУ. 27-баптың 4-тармағы жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 1997.04.02. N 88-І Заңымен. Z970088\_

5. Тұрғын үй-жайын жалға алу шарты бойынша пайдаланатын

Мемлекеттік тергеу комитетінің қызметкерлеріне Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіп пен мөлшерде өтем төленеді.

6. Мемлекеттік тергеу комитетінің қызметкері қызмет бабындағы міндеттерін атқару кезінде қаза тапқан жағдайда қаза тапқан адамның отбасы ол қаза тапқан күннен бастап бір жылдан кешіктірілмей заңмен белгіленген шарт және тәртіп бойынша мемлекеттік тұрғын үй алаңынан тұрған үй алуға құқылы.

28-бап. Мемлекеттік тергеу комитетінің қызметкерлері мен зейнеткерлеріне медициналық және санаторий-курорттық қызмет көрсету

Мемлекеттік тергеу комитетінің қызметкерлері мен олардың өздерімен бірге тұратын отбасы мүшелері, сондай-ақ Мемлекеттік тергеу комитетінің зейнеткерлері тиісті мемлекеттік денсаулық сақтау мекемелеріндегі медициналық және санаторий-курорттық қызметті Республика Үкіметі белгілеген тәртіппен пайдаланады.

VI Тарау

Мемлекеттік тергеу комитетін қаржымен және материалдық-техникалық қамтамасыз ету

29-бап. Мемлекеттік тергеу комитетін қаржыландыру

1. Мемлекеттік тергеу комитетін қаржыландыру республикалық бюджеттің қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

30-бап. Мемлекеттік тергеу комитетін материалдық-техникалық қамтамасыз ету

1. Мемлекеттік тергеу комитетін материалдық-техникалық

қамтамасыз етудің тәртібі мен нормаларын Республика Үкіметі белгілейді.

2. Қызметтік үй-жайларын, байланыс және көлік құралдарын Республика Үкіметі мен жергілікті атқарушы органдар береді.

3. Мемлекеттік тергеу комитетінің теміржол, су, әуе көлігіндегі, қорғаныс объектілеріндегі, Қарулы Күштеріндегі органдары қызметтік үй-жайларымен, байланыс құралдарымен тиісті органдар мен ұйымдардың есебінен қамтамасыз етіледі, олар сондай-ақ бұларды пайдалану жөніндегі шығындарды да өтейді.

VII Тарау

Қорытынды ережелер

31-бап. Мемлекеттік тергеу комитетінің қызметіне қаржылық бақылау

Мемлекеттік тергеу комитетінің қаржы-шаруашылық қызметін бақылауды Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі жүзеге асырады.

32-бап. Мемлекеттік тергеу комитетінің қызметіне прокурорлық қадағалау

Мемлекеттік тергеу комитетінің анықтама, тергеу және жедел-іздестіру қызметін жүргізуі кезінде заңдардың дәл және бірыңғай қолданылуына жоғары қадағалауды Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры мен оған бағынысты прокурорлар жүзеге асырады.

33-бап. Осы Жарлықтың күшіне ену тәртібі

1. Осы Жарлық 1996 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді.

2. Осы Жарлықтың күші сондай-ақ Мемлекеттік тергеу комитетінің осы Жарлық күшіне енгенге дейін жұмысқа қабылданған қызметкерлеріне, жұмысшылары мен қызметшілеріне қолданылады.

34-бап. Осы Жарлықты жүзеге асыру жөніндегі шаралар

1. Қазақстан Республикасының Үкіметі осы Жарлықтан туындайтын қажетті шараларды қолданатын болсын.

2. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік тергеу комитеті:

1) Қазақстан Республикасы Мемлекеттік тергеу комитетінің қатардағы және басшы құрамы адамдарының қызмет өткеруі жөніндегі Ереже мен "Қазақстан Республикасы Мемлекеттік тергеу комитетінің қатардағы және басқы құрамның арнаулы атақтары туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар Жарлығының жобаларын Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына ұсынсын;

2) осы Жарлықтан туындайтын өзге де шараларды қолдансын.

Қазақстан Республикасының  
Президенті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК